# SARQAN

*Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті*

*Газет 1933 жылғы мамырдан шығады* • *www.sarkan-gazeta.kz* • e-mail: *Igiman01@mail.ru* • **№19 (95124) 16 мамыр 2025 ж.**


## Мемлекет басшысы Абу Дабидің Тақ мұрагері Халед бен Мұхаммед Әл Нахаянмен келіссөз жүргізді

**«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянды салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.**

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, оның бұл сапары Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретініне назар аударды.

Президенттің айтуынша, Әмірліктер – еліміздің ең басты серіктестерінің бірі. Қос мемлекеттің мақсат-мүдделері бір-бірімен сәйкес келеді. 2023 жылы екі ел үкіметтері Стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру туралы бірлескен декларацияға қол қойды.

Кездесуде Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстан экономикасындағы ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіретіні жөнінде айтылды. Былтыр БАӘ-нің елімізге құйған инвестиция көлемі екі есеге артып, рекордтық көрсеткішке жетті.

Мемлекет басшысы аталған сапар аясында құны 5 миллиард долларды құрайтын 20-дан астам коммерциялық келісімге қол қойылатынын құптады. Оларды жүзеге асыру елдер арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты айтарлықтай ілгерілетіп, өзара тиімді байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді.

Абу Дабидің Тақ мұрагері көрсетілген қонақжайлық үшін ризашылығын білдірді. Сонымен қатар табиғаты көркем, халқы жайсаң елімізге ерекше қуанышпен келетінін жеткізді.



Халед бен Мұхаммед Әл Нахаян Қазақстан мен БАӘ арасындағы қарым-қатынас өзара сенім, қолдау және ортақ игілікке бірге ұмтылу қағидаттарына құрылғанын атап өтті. Бұл байланыстар сауда-инвестициялық ықпалдастық шеңберінен шығып, энергетика, көлік салаларынан бастап цифрлық инфрақұрылым мен білім беру ісіне дейін жалғасып жатқан кең ауқымды бағыттарды қамтитынына тоқталды. Тақ мұрагерінің айтуынша, бүгін қол қойылатын келісімдер екі елдің болашақта да бірлесіп жұмыс істеуге бейіл екенін дәлелдейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның келіссөздері аяқталғаннан кейін екіжақты құжаттар алмасу рәсімі өтті:

1.Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Энергетика және инфрақұрылым министрлігі арасында автокөлік саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

2.Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Әділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

3. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Masdar компаниясы арасында Қазақстан Республикасында 2 мың МВт-қа дейін қуат сақтау жүйесі және 500 МВт-қа дейін тәуліктік энергиямен қамту жобаларын әзірлеу бойынша ынтымақтастық туралы келісім;

4. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен AIQ арасында Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын цифрлық трансформациялау бойынша стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім;

5.«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Abu Dhabi Commercial Bank арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

6.Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Presight компаниясы арасында Қазақстан Республикасында суперкомпьютер кластерін құру жөніндегі келісім;

7.«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Abu Dhabi Ports Group арасындағы сауда флотын кеңейту бойынша ынтымақтастықты дамытуға қатысты хаттама;

8. «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен AIQ арасында мұнай-газ саласын цифрландыру бағытындағы ықпалдастық мәселелері бойынша стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісім;

9. Түркістан облысы әкімдігі мен Абу Даби даму қоры арасында Түркістан қаласында шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян атындағы перзентхана құрылысын салу және қаржыландыруға қатысты өзара түсіністік туралы меморандум;

10. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Terminals Astana Airport Limited арасында Астана қаласының Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы мен оған іргелес аумақты дамытуға инвестиция салу туралы келісім;

Бұдан бөлек, құжат алмасу рәсімінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктері Үкіметі арасында жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімнің ратификацияланғаны туралы хабарланды.

## АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

**Облыс әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**



Қабылдауға алғаш болып кірген Кербұлақ ауданының тұрғыны К.Мүлкібаева өзінің заңсыз жұмыстан шығарылғанына шағымданып, сотқа арыз бергенін айтты. Алайда істі қараған сот оның арызын қанағаттандырудан бас тартқан, апелляциялық сотта да ол жеңіліс тапқан. Бұл мәселе бойынша облыс әкімі одан жоғары тұрған инстанцияға талап арыз беруді ұсынды. Ал оның «мектепте оқитын балаларыма қысым көрсетіледі» деген шағымына қатысты аудан әкімі мен облыстық білім басқармасының басшысы мұндай деректің расталмағанын айтты. Облыс әкімі бұл жайт бойынша қайтадан егжей-тегжейлі тексеру жүргізуді тапсырды. Сондайақ балаларға ешкімнің де қысым көрсетуге қақысы жоқ екенін, оған жол берген адамның заң аясында жазаланатынын қатаң ескертті.

Мұнан соң қабылдауға келген алматылық тұрғын Ж. Бурабаева жетісулық таныстарынан естіген бірқатар мәселелерді жеткізді, соның ішінде Панфилов ауданы Ақжазық ауылына кіреберістегі тақтайшада орнатылған Ләззат Асанованың суретінің сапасын жақсарту, бірқатар ауылдарда көшелерді жарықтандыру, т.б. жалпы мәселелер бар. Бұл ретте Л.Асанованың суретіне қатысты Панфилов ауданының әкіміне тапсырма берген Бейбіт Исабаев Ж.Бурабаеваға көшелерді жарықтандыру аудандардың 3 жылдық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылатынын айтты. Сол сияқты басқа да айтылған өтініштерінің жалпылама емес, нақты болуы керектігін, өтініш иесінің аты-жөні, мәселе көтерілген елді мекеннің атауы сияқты барлық мәліметтер айқын болуы керектігін айтты. Бұл ретте облыстың кез келген тұрғынына осындай қабылдауларға жазылып, жеке мәселелерін келіп айтуларына мүмкіндік жасалғанын жеткізді.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# Жетісу облысында егіс науқаны аяқталуға жақын



**Жетісу облысында егіс науқаны аяқталуға жақын. Жоспарланған жаздық дақылдардың 91,5%, қант қызылшасының 12,1 мың гектары себілді. Қант қызылшасын себу 15 мамырда, дәнді дақылдар 1 маусымға дейін толығымен аяқталады деп күтілуде. Көктемгі дала жұмыстарына 20,6 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасы тартылған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Биылғы жылға арзандатылған дизель отынының бекітілген көлемі 5,5 мың тонна болса, оның 3,2 мыңы облысқа жеткізілді. Сол сияқты жоспарланған 58,8 мың тонна тыңайтқыштың 44,8 мың тоннасы сатып алынып, қолданылуда.

- Көктемгі дала жұмыстары мен егін жинау науқанына Аграрлық несие корпорациясы арқылы 14,3 млрд.теңге бөлінді, бүгінгі таңда 5,1 млрд. теңгесі 198 шаруашылыққа берілді. Ал вегетациялық кезең туралы айтсақ, егінге су беру жұмыстары басталды. Суаруға 1 млрд. текше метр су беріледі деп жоспарлап отырмыз. Биыл шегіртке тектес зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 114,8 мың га жерде жүргізіледі. Бұл өңдеу жұмыстары бүгіннен басталды. Жалпы оған 5 әуе ұшағы, 4 дрон және 17 бірлік жер үсті бүріккіштері жұмылдырылады, шоғырланған жерлерін анықтау жұмыстарына 204 адам және 79 автокөлік тартылады. Оған республикалық және жергілікті бюджеттен биыл 455,8 млн. теңге бөлінген, - дейді Жетісу облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев.

Атап өтсек, биыл өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы - 510,7 мың гектар.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

**2030 жылға дейінгі «Жетісу облысын кешенді газдандыру» өңірлік схемасы аясында аймақтағы 358 елді мекеннің 192-сіне табиғи отын жеткізу көзделіп отыр. Қазіргі таңда 84 ауылға инфрақұрылым тартылып, бұл жалпы жоспардың 58,2%-ын құрап отыр. Нәтижесінде 400 мыңнан астам адам (101,8 мың абонент) өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік алды.**

# Газдандыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр



Президент тапсырмасына сәйкес, 2025 жылы тағы 42 елді мекенге көгілдір отын беріледі деп жоспарланған. Осы мақсатта республикалық және жергілікті бюджеттерден жалпы сомасы 7,9 млрд теңге бөлінді, оның ішінде 21 жоба 2024 жылдан өтпелі. Қоғалы ауылынан басқа барлық нысандарда жұмыстар аяқталды. Бұл елді мекенде газ құбырының 80 шақырымынан 35 шақырымы тартылды.

24 жаңа жоба бойынша 3,5 млрд теңге игерілді, алдағы уақытта тағы 18 жобаның құрылысы басталмақ. Бұл жұмыстардың жалпы құны – 15,9 млрд теңге. Аталған жобаларды аяқтау үшін Энергетика министрлігі қосымша 25,6 млрд теңгеге бюджет өтінімін жолдады.

Атқарылып жатқан шаралардың нәтижесінде Жетісу облысында көгілдір отынға қосылатын елді мекендердің саны 126-ға жетіп, қамту деңгейі 71,4%-ды құрайтын болады. Бұл – 500 мыңнан астам тұрғынның тұрмыстық жағдайын жақсарту деген сөз.

Сонымен қатар, қазіргі схемаға енбеген тағы 22 ауыл бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

**Анықтама үшін:** 2022–2024 жылдар аралығында республика көлемінде 371,1 млрд теңге бөлініп, 14 мың шақырымнан астам газ құбыры тартылды. Елдегі газдандыру деңгейі 62,4%-ға жетіп, табиғи отынмен қамтылған халық саны 11 млн-нан 12,6 млн адамға артты.

# «GreenSteppe» экологиялық акциясы өтті

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

**«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында Текелі қаласында жастардың қатысуымен «GreenSteppe» атты экологиялық акциясы өтті.**



Іс-шараның мақсаты — экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру және жастарды экологиялық бастамаларға белсенді түрде тарту. Бағдарлама аясында қаланың туристер жиі баратын табиғи аумақтарында қоқыс уақытымен жиналып, негізгі демалыс орындары мен маршруттар қамтылды. Акция барысында жоспарлы түрде бірнеше аумақты тазалауды көзделген.

- Бүгін біз маңызды әрі мағыналы шарада бас қосып отырмыз. «GreenSteppe» экологиялық акциясы – бұл тек табиғатты тазарту ғана емес, сонымен қатар жастардың экологиялық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған бастама. Әрбір белсенділік – бұл Жетісудың экологиялық болашағына қосқан үлес, - деді Жетісу облысы Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Арнай Рақымберліұлы.

Жыл басынан бері Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жоспарланған барлық іс-шаралар белсенді түрде өткізілуде. Жалпы сенбіліктер мен экологиялық акцияларға 17 мыңнан астам адам қатысып, 295 техника жұмылдырылды, 1 209 тонна қоқыс шығарылды, 132 саябақ пен сквер тазартылып, 17 мыңнан астам қылқанжапырақты және жапырақты ағаш көшеттері отырғызылды.

## Сарқан аудандық сайлау комиссиясы Аманбөктер, Екіаша ауылдық округінің әкім сайлауы тағайындалған ауылдық округінің тізімін жариялайды

(22 бап)

| № | Ауылдық округтің атауы | Ауылдық округ шекаралары | Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері |
|---|---|---|---|
| 1 | Аманбөктер ауылдық округі | Аманбөктер ауылдық округінің әкімшілік шекараларында | Сарқан қаласы, Қабанбай көшесі 24а, «Ардагерлер үйі» ғимараты |
| 2 | Екіаша ауылдық округі | Екіаша ауылдық округінің әкімшілік шекараларында | Сарқан қаласы, Қабанбай көшесі 24а, «Ардагерлер үйі» ғимараты |

## Сарканская районная избирательная комиссия публикует список сельского округа Сарканского района, где назначены выборы акима Аманбоктерского, Екиашинского сельского округа

(статья 22)

| № | Наименование сельского округа | Границы сельского округа | Место нахождения территориальной избирательной комиссии |
|---|---|---|---|
| 1 | Аманбоктерский сельский округ | В административных границах Аманбоктерского сельского округа | г. Саркан, ул. Кабанбай батыра 24а, здание «Ардагерлер үйі» |
| 2 | Екиашинский сельский округ | В административных границах Екиашинского сельского округа | г. Саркан, ул. Кабанбай батыра 24а, здание «Ардагерлер үйі» |




# Ерлік пен еңбекке толы өмір



**Менің атам Тастағанов Аухан Тастағанұлы Ұлы Отан соғысының ардагері, ерлігімен де, өмір жолымен де ұрпағына үлгі болған азамат. Ол 1912 жылы бұрынғы Семей облысы, Шұбартау ауданына қарасты Саяқ ауылында дүниеге келген. Қиын да сындарлы кезеңде өмір сүрген атам ел басына күн туған шақта Отаны үшін қару алып, майданға аттанады.**

Ұлы Отан соғысы жылдарында атам 86-атқыштар полкінде пулеметші болған. Бұл – өте жауапты әрі аса қауіпті міндет. Оқ пен оттың ортасында жүріп, ол Отан қорғауда қайсарлық пен табандылық танытты. Соғыстағы ерлігі мен батылдығы үшін «Жеңіс үшін» және «Ұлы Отан соғысы ерлігі үшін» медальдарымен марапатталуы – оның жауынгерлік жолының айғағы.

Атам жауынгер ретінде майдан даласында ерлік көрсетсе, апам – Жәкежанқызы Жәмилә тылда еңбек етіп, жеңіске өз үлесін қосты. Соғыстан кейін атам туған еліне аман оралып, бейбіт еңбекке араласты. Ол пошта саласында қызмет етіп, елдің әлеуметтік тыныс-тіршілігіне адал еңбек сіңірді. Атам мен апам Қарауылтөбе ауылында өмір сүріп, еңбек етіп, тоғыз бала тәрбиелеп өсіріп, артында 6 қыз, 3 ұл қалдырды. Қазіргі таңда олардың ұрпағы өсіп-өркендеп, ата-әже аманатын мақтанышпен еске алуда. Атам мен апамның өмірі – біз үшін үлкен тағылым мектебі. Ерлік пен еңбекті қатар алып жүрген жандардың тарихы – ұмытылмас өнеге. Мен атамның ерлігі мен өмір жолын әрдайым мақтанышпен айтып жүремін. Себебі бұл – тек бір адамның емес, тұтас ұрпақтың Тәуелсіздікке жеткізген жолындағы қажырлы еңбегі мен жанқияр ерлігінің көрінісі.

**Сымбат АУХАНОВА,**
**немересі.**

# Солдат Победы: ПУТЬ МУСАЯ КАЗАНТАЕВА

**К 80-летию Великой Победы мы вспоминаем героев, чьи судьбы стали символом мужества и стойкости. Среди них — Казантаев Мусай Танирбергенулы, чья жизнь является примером преданности Родине и несломленного духа.**

Родился 1 января 1926 года в селе Карабугет, Аксуский район, Казахстан. Воспитывался в детском доме, что закалило его характер и волю. 26 января 1945 года был призван на службу и направлен в 572-й стрелковый полк. В звании рядового участвовал в боях с японскими войсками, где получил ранение.

После войны Мусай Танирбергенулы продолжил служение обществу: в 1952 году поступил в Педагогический институт имени Абая, который окончил в 1963 году по специальности "география". Он посвятил свою жизнь воспитанию подрастающего поколения, передавая им знания и жизненный опыт.

Супруга, Казантаева Орынбасар Акбатыркызы, ветеран труда, поддерживала его во всех начинаниях. Вместе они вырастили шестерых детей и стали гордыми дедушкой и бабушкой для 14 внуков.

Память о Мусае Казантаеве бережно хранится в семье и передается из поколения в поколение. Его внук, Казантаев Кымбат Ерикович, создал страницу на сайте "Бессмертный полк", чтобы сохранить и поделиться историей своего деда с будущими поколениями.

В год 80-летия Победы мы склоняем головы перед подвигом Мусая Танирбергенулы и всех, кто сражался за мирное небо над головой. Их мужество и самоотверженность навсегда останутся в наших сердцах.

**С благодарностью и гордостью,**
**сын, внуки и правнуки**
**Мусая Казантаева.**

# Ұрпақтары ұмытпайды мәңгілік

2025 жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл. Бұл миллиондаған адамның өмірін қиған, талай елдің тағдырына таңба салған алапат соғыс еді. Біз сол сұрапыл жылдарда ерлікпен шайқасқан ардагерлерімізді еске ала отырып, олардың алдында тағзым етеміз. Осы бір сындарлы шақта қазақ халқы да ерлік пен өрліктің үлгісин көрсетті. Қарашыған ауылдық округі Мұқан Төлебаев ауылының азаматтары Отан қорғауға белсене қатысты. Бірі оққа ұшып, бірі хабарсыз кетті. Бірақ олардың есімдері ұрпақ жадында мәңгі сақталады. Бүгінгі бейбіт өмір - сол боздақтардың жанқияр ерлігінің нәтижесі. Ұлы Жеңіс- бабалар аманаты. Ер есімі- ел есінде. Сол батырлардың рухына бас иіп, жас ұрпаққа отансүйгіштік пен елжандылық қасиетін насихаттау барысында Ұлы Отан соғысының ардагері Шалқыбеков Омарғали ұрпағы қазіргі таңда Қарашыған ауылының тұрғыны, Мұқан Төлебаев ауылдық кітапханасында 40 жыл қызмет атқарған, зейнеткер, әже, Мұқан Төлебаев ауылдық мәдениет үйі жанынан құрылған "Ақтолқын" әжелер ансамблінің мүшесі Шалқыбекова Ләйлә әжеміз Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай 65 жасқа толып отыр.

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, алдағы уақытта шығармашылық жұмыстар ұйымдастырып, белсенділік танытқаныңыз үшін зор алғыс білдіреміз.

**Айкен БИМОЛДАНОВА,**
**Мұқан Төлебаев ауылдық мәдениет үйі қызметкері.**



# Кітап көрмесі өтті

Сарқан ауданы Көктерек ауылдық кітапханасында 8 мамыр күні М.Мәметова атындағы орта мектептің 3,6 сынып оқушыларымен Ұлы Жеңіске 80 жыл толуына орай «Ұлы Жеңіс жасасын» атты кітап көрме өтті. Шара барысында тақырыпқа сай кітап көрмесі ұйымдастырылып, көрмеде соғыс жылдардағы тарихи кітаптар, ардагерлер туралы мәліметтер, фотоальбомдар мен кітаптар қойылды. Жеңіс күнінің тарихи маңызын баяндап, Отан үшін жан қиған батырлар жайлы мәліметтер берілді. Сонымен қатар оқушылар отты жылдарда жазылған патриоттық өлеңдер оқып, сұрақ-жауап ойыны қатысушылар назарына ұсынылды, жеңіс туралы әндер шырқады. Мақсаты – жас ұрпаққа тарихи жадыны сақтау, патриоттық тәрбие беру, ата-бабаларымыздың ерлігін құрметтеу және олардың Отан алдындағы жанқиярлық еңбегін ұлықтау. Елімізді, жерімізді қорғаған аталарымыздың ерлігін еш уақытта ұмытпаймыз!

**Ж. БАЙБАРАКОВА,**
**Көктерек ауылдық кітапханасының кітапханашысы.**

*•Спорт*

# ДӘСТҮРЛІ АУЫЛ КҮНІ

2025 жылдың мамыр айында Сарқан ауданына қарасты Көкөзек ауылында дәстүрлі Ауыл күні аталып өтті. Аталған іс-шара ауыл тұрғындары мен өзге өңірлерде тұратын жерлестердің басын қосатын маңызды мәдени оқиға ретінде қалыптасып келеді.

Мерекелік шараға осы ауылдан шыққан, бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан азаматтар арнайы келіп қатысты. Олар туған ауылымен қауышып, бір-бірімен кездесу мүмкіндігіне ие болды. Ауыл күні ауыл тұрғындары мен қонақтар үшін маңызды әрі мазмұнды кездесу алаңына айналды.

Іс-шара аясында ауыл тұрғындары арасында спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, арқан тарту, асық ату, қол күрес, футбол сияқты спорт түрлері бойынша сайыстар өтті. Бұл жарыстар ауыл жастары мен үлкендері арасындағы өзара ынтымақ пен бірлікті нығайтуға ықпал етті.

Айрықша атап өтуге тұрарлық жайт – 1973 жылы туған Көкөзек ауылының азаматтары осы күнді пайдалана отырып, мектеп бітіргендеріне 35 жыл толуына орай кездесу өткізді. Олар ауылға тарту жасап, мерекенің мазмұнды өтуіне үлес қосты. Бұл бастама ауылдастар арасында дәстүрлі кездесулердің жаңа деңгейде ұйымдастырылуына түрткі болды.

Көкөзек ауылында өткізіліп келе жатқан Ауыл күні – ауыл мен азамат арасындағы рухани байланысты нығайтуға, өскелең ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған игі шара. Ауыл тұрғындары мен жерлестер бұл дәстүр алдағы жылдары да жалғасын табатынына сенім білдірді.

**Зәуре БАБАШЕВА,**
**аудандық спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу бөлімінің басшысы.**

# Ерлік пен бірліктің символы

**Еліміздің өткен өміріндегі белестеріне көз жіберер болсақ, Ұлы Отан соғысының отты жылдары еске түсетіні белгілі. Міне дәл бүгін Ұлы жеңістің 80 жылдығы, біз болашақ ұрпақтарына сыйлаған бейбітшілік пен бірліктің символы!**



Бұл жеңіс ұзақ төрт жыл,1418 күн мен түн біздің жерімізде адамзат тарихындағы ең қанды және аяусыз соғыстың өткендігі, халық жадынан ешқашан өшпейтіндігі мәлім. Бұл тек соғыста шайқасқан батырларымызды ғана емес, тылдағы еңбек еткен, жеңіске орасан үлес қосқан халық ерлігінің, сол жылдарындағы балалар мен әйелдер, қариялар мен жастардың тынымсыз еңбек етіп, отан қорғаушыларды азық-түлікпен, киіммен қамтамасыз етіп отырған.

Ол бүкіл халықтың басына туған қиын-қыстау кезең еді.

Дәл сол тарихтың дәлелі қазіргі ардагерлеріміз. Өкінішке қарай соғысты көрген, соғыс жылдарындағы еңбекті көрген ардагерлеріміздің саны санаулы, жылдар жылжыған сайын қатарлары сиреп барады. Міне осынау елімізге лаң салған алапаттың жеңіспен аяқталғанына биыл 80 жыл толып отыр.

Ешкім де, ешқашан да ұмытылмақ емес! Заманымыз тыныш, бейбітшілігіміз мәңгілік болсын!

**Қойлық ауылдық К.Қазыбаев атындағы мәдениет үйі.**

## Сарқан ауданының Аманбөктер, Екіаша ауылдық округтері әкімдерін сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңның 113-1 бабына сәйкес Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарқан ауданының Аманбөктер және Екіаша ауылдық округтерінің әкімдерін сайлауы 2025 жылғы 15 маусымына тағайындалсын.

2. Сарқан аудандық Аманбөктер және Екіаша ауылдық округтерінің әкімдерін сайлауын дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Сарқан ауданы әкімдігі сайтының «Сайлау» интернет-парақшасына, «sarkan_sailau» инстаграмына және аудандық " SARQAN " газетінде жариялансын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Ш. Нургалиеваға жүктелсін.

**Төраға** **М. Естеуов**
**Хатшы** **Ш. Нургалиева**

## Сарқан ауданының Аманбөктер, Екіаша ауылдық округтері әкімдерін сайлау жөніндегі аумақтық сайлау округін құру туралы

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңның 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармақшасына және 22-бабына сәйкес Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарқан ауданының Аманбөктер және Екіаша ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау жөніндегі Аманбөктер округінің шекарасындағы Аманбөктер сайлау округі, Екіаша округінің шекарасындағы Екіаша сайлау округі құрылсын.

2. Осы қаулы Сарқан ауданы әкімдігі сайтының «Сайлау» интернет-парақшасына, «sarkan_sailau» инстаграмына және аудандық " SARQAN " газетінде жариялансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Ш.Нургалиеваға жүктелсін.

**Төраға** **М.Естеуов**
**Хатшы** **Ш.Нургалиева**

## Сарқан аудандық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссиясының құрамын жариялайды

**(п. 2, 17-құжат)**

**Аманбөктер ауылдық округі**

№ 355 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Аманбөктер а., Смағұл к-сі 6, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Аманбөктер негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ, тел. 8 (72839) 54007.

Комиссия төрағасы – Сандыбаев Мырзагельды Нусипджанович.

Комиссия төрағасының орынбасары – Жунисбекова Жанар Жарылкасыновна.

Комиссия хатшысы – Садвакасов Бауржан Ермұлдаұлы.

Комиссия мүшелері – Дуйсембеков Нуршат Дуйсембековна, Амирова Акбота Ерболовна.

**Екіаша ауылдық округі**

**№ 356 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орталығы:** Екіаша а., Қ. Аманжолов к-сі 80, «Екіаша ауылдық мәдениет үйі» «Сарқан аудан әкімінің аудандық мәдениет үйі» МКҚК №4 филиалы. тел. 8 (72839) 54111.

Комиссия төрағасы – Жаканаев Санат Кызырович.

Комиссия төрағасының орынбасары – Багдалин Бауржан Абильсеитович.

Комиссия хатшысы – Абдугалиева Карлыгаш Саматовна.

Комиссия мүшелері – Акыбаева Алмагуль Кусайнгазиевна, Абжанова Сымбат Мырзапбарқызы, Тойчибекова Алмагуль Кабытаевна, Ержанова Жазира Танирбергеновна.

**№ 357 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орталығы:** Тополевка а., Абай к-сі, 7а, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Теректі орта мектебі» КММ, тел. 8 (72839) 54251, 29722

Комиссия төрағасы – Аметова Толкын Жанузаковна.

Комиссия төрағасының орынбасары – Федорина Марина Анатольевна.

Комиссия хатшысы – Оспанбаева Алтынай Саламбековна.

Комиссия мүшелері – Токпаков Берик Маратович, Акыбаева Нурлукан Сейлгазиевна.

**№ 358 учаскелік сайлау комиссиясы (жабық)**

**Орталығы:** Екіаша а., «Екиашинская застава» әскери бөлімшесі.

Комиссия төрағасы – Тиктембаев Жандос Маратович.

Комиссия төрағасының орынбасары –Каукенов Асет Серикович.

Комиссия хатшысы – Акимов Даурен Кенжегалиевич.

Комиссия мүшелері – Маткалиев Дастан Алтайұлы, Токтагазов Алмас Сансызбайұлы.

**№ 359 учаскелік сайлау комиссиясы (жабық)**

**Орталығы:** Тополевка а., "Басканская застава" әскери бөлімшесі.

Комиссия төрағасы – Галиуллин Галиула Жуламанович.

Комиссия төрағасының орынбасары – Серикбай Абдихан Файзолаұлы.

Комиссия хатшысы – Нұржанұлы Әділ.

Комиссия мүшелері – Джалкибаев Руслан Санатович, Кемпиров Арай Омарович

## Сарқан ауданы бойынша сайлау учаскесінің шекарасы

**Аманбөктер ауылдық округі**

**№ 355 сайлау учаскесі.**

**Орталығы:** Аманбөктер а., Смағұл к-сі, 6, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Аманбөктер негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ, тел. 8 (72839) 54007.

**Шекарасы:** Аманбөктер, Баянбай а.; бөлімшелер: Мұшұмбай, Омарталар, Кардон.

**Екіаша ауылдық округі**

**№ 356 сайлау учаскесі.**

**Орталығы:** Екіаша а., Қ. Аманжолов к-сі, 80 б, «Екіаша ауылының мәдениет үйі» «Сарқан аудан әкімінің аудандық мәдениет үйі» МКҚК №4 филиалы, тел.8 (72839) 54111.

**Шекарасы:** Екіаша а.; мал жайылым учаскелері: Омарталар, Кардон, Тал – тал, Матай.

**№ 357 сайлау учаскесі.**

**Орталығы:** Тополевка а., Абай к-сі, 7а, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Теректі орта мектебі» КММ. тел. 8 (72839) 54251, 29722.

**Шекарасы:** Тополевка а.; Орманшылар кардоны; Қосалқы шаруашылықтар, Омарталар.

**№ 358 сайлау учаскесі.**

**Орталығы:** Екіаша а., «Екиашинская застава» әскери бөлімшесі.

**Шекарасы:** Екиашинская заставасы.

**№ 359 сайлау учаскесі.**

**Орталығы:** Тополевка а., «Басканская застава» әскери бөлімшесі.

**Шекарасы:** Басканская заставасы.

## О назначении выборов акима Аманбоктерского, Екиашинского сельских округов Сарканского района

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Сарканская районная избирательная комиссия ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Назначить на 15 июня 2025 года выборы акимов Аманбоктерского и Екиашинского сельских округов Сарканского района.

2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акимов Аманбоктерского и Екиашинского сельских округов Сарканского района, согласно приложению к настоящему постановлению.

3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице «Выборы» сайта акимата Сарканского района, инстаграмм «sarkan-sailau» и в районной газете «SARQAN».

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на секретаря Сарканской районной территориальной избирательной комиссии Ш. Нургалиевой.

**Председатель** **М. Естеуов**
**Секретарь** **Ш. Нургалиева**

## Об образовании избирательного округа по выборам акимов Аманбоктерского, Екиашинского сельских округов Сарканского района

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4 статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Сарканская районная территориальная избирательная комиссия ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Образовать избирательные округа по выборам акимов Аманбоктерского, Екиашинского сельских округов Сарканского района.

2. Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице «Выборы» сайта акимата Сарканского района, инстаграмм «sarkan_sailau» и в районной газете «SARQAN».

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на секретаря районной избирательной комиссии Ш.Нургалиевой.

**Председатель** **М.Естеуов**
**Секретарь** **Ш.Нургалиева**

## Сарканская районная избирательная комиссия публикует состав участковой избирательной комиссии

**(п.2, ст. 17)**

**Аманбоктерский сельский округ**

**Участковая** избирательная комиссия № 355

**Центр:** село Аманбоктер, ул. Смагула, 6, КГУ «Аманбоктерская основная средняя школа с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 54007.

Председатель комиссии – Сандыбаев Мырзагельды Нусипджанович.

Заместитель председателя комиссии – Жунисбекова Жанар Жарылкасыновна.

Секретарь комиссии – Садвакасов Бауржан Ермұлдаұлы.

Члены комиссии – Дуйсембеков Нуршат Дуйсембековна, Амирова Акбота Ерболовна.

**Екиашинский сельский округ**

**Участковая избирательная комиссия № 356**

**Центр:** село Екиаша, ул. К.Аманжолова, 80, Филиал №4 «Дом культуры село Екиаша» ГККП «Районный дом культуры Акима Сарканского района», тел. 8 (72839) 54111.

Председатель комиссии – Жаканаев Санат Кызырович.

Заместитель председателя комиссии – Багдалин Бауржан Абилсеитович.

Секретарь комиссии – Абдугалиева Карлыгаш Саматовна

Члены комиссии – Акыбаева Алмагуль Кусайнгазиевна, Абжанова Сымбат Мырзапбарқызы, Тойчибекова Алмагуль Кабытаевна, Ержанова Жазира Танирбергеновна.

**Участковая избирательная комиссия № 357**

**Центр**: село Тополевка, ул. Абая, 7а, КГУ «Средняя школа Теректі», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 54251, 29722.

Председатель комиссии – Аметова Толкын Жанузаковна.

Заместитель председателя комиссии – Федорина Марина Анатольевна.

Секретарь комиссии – Оспанбаева Алтынай Саламбековна

Члены комиссии – Токпаков Берик Маратович, Акыбаева Нурлукан Сейлгазиевна

**Участковая избирательная комиссия № 358 (закрытый)**

**Центр:** село Екиаша, воинская часть «Екиашинская застава».

Председатель комиссии – Тиктембаев Жандос Муратович.

Заместитель председателя комиссии – Кaукенов Асет Серикович.

Секретарь комиссии – Акимов Даурен Кенжегалиевич.

Члены комиссии – Маткалиев Дастан Алтайұлы, Токтагазов Алмас Сансызбайұлы

**Участковая избирательная комиссия № 359 (закрытый)**

**Центр:** село Тополевка, воинская часть «Басканская застава».

Председатель комиссии – Галиуллин Галиула Жуламанович.

Заместитель председателя комиссии – Серикбай Абдихан Файзолаұлы.

Секретарь комиссии – Нұржанұлы Әділ.

Члены комиссии – Джалкибаев Руслан Санатович, Кемпиров Арай Омарович

## Границы избирательных участков Сарканского района

**Аманбоктерский сельский округ**

**Избирательный участок № 355.**

**Центр:** с.Аманбоктер, ул. Смагула, 6, КГУ «Аманбоктерская основная средняя школа с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 54007.

**В границах:** с. Аманбоктер, Баянбай; отделения: Мушумбай, Пасеки, Кордон.

**Екиашинский сельский округ**

**Избирательный участок № 356**

**Центр:** с. Екиаша, ул. Кабдолда Аманжолова, 80б, «Дом культуры с.Екиаша» ГККП «Районный дом культуры Акима Сарканского района» тел. 8 (72839) 54111.

**В границах:** с. Екиаша; отгонные участки: Пасеки, Кордон, Тал-тал, Матай.

**Избирательный участок № 357**

**Центр:** с. Тополевка, ул. Абая, 7 а, КГУ «Средняя школа Теректі» ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу» тел. 8 (72839) 54251, 29722.

**В границах:** с. Тополевка; Кардоны лесников; Подсобные хозяйства, Пасеки.

**Избирательный участок № 358**

**Центр:** с. Екиаша, воинская часть «Екиашинская застава».

**В границах:** Екиашинская застава.

**Избирательный участок № 359**

**Центр:** с.Тополевка, воинская часть «Басканская застава».

**В границах:** Басканская застава.

## Аумақтық сайлау комиссиялары

**Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы**

Орталығы: Сарқан қ., "Ардагерлер үйі", Қабанбай батыр к-сі, 24 а, тел. 8 (72839) 21996.
Комиссия төрағасы – Естеуов Муратбек Касымбекович
Комиссия төрағасының орынбасары – Кабдолданова Салтанат Сакеновна
Комиссия хатшысы – Нургалиева Шолпан Каналовна
